



# Ақмешіт

Аялаймын сені, Қызылорда!

11 желтоқсан  
сенбі

№98 (1800)

2021 жыл

## апталығы

Газет  
1994 жылдың 15 сәуірінен  
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-  
ақпараттық тарихи-танымдық газет •  
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru



### ЕЛ ТАҢДАҒАН 30 ЕСІМ

Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің қолдауымен «Қазақстан» телерадиокорпорациясы ұйымдастырған «30 жыл 30 есім» ұлттық байқауының жеңімпаздары анықталды.



«Қазақстан» телерадиокорпорациясының ресми сайтында жүргізілген жалпыхалықтық дауыс беруге қатысты.

2 БЕТТЕ



Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына орай Сыр елінде қанша жылдан бері күткен қуаныш болды. Себебі іргетасы қаланғалы жұрттың талқысында жүрген қаламыздағы шыны зауыты жұмысын бастады. Әрине, осы уақытқа дейін зауыттың іске қосылуы жайында біршама әңгімелер болды. Бүгін соған нүкте қойылғандай.

### ШЫНЫ ЗАУЫТЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Құны 42,01 млрд теңгені құрайтын жоба 226 адамды жұмыспен қамтитын болады. Зауыт жылына 197 мың тонна шыны өндіруге қауқарлы. Ал өнімнің 30 проценті шетелдерге экспортқа шығарылмақ. Шыны зауыты дайын өнім қоймасы, ішкі темір жол, негізгі цехтар және ішкі инженерлік желілер секілді төрт кешенді қамтиды.

Жалпы бұл шаруа 2015 жылы қолға алынған еді. Зауыт екі жыл ішінде салынып, іске қосу жоспарланғанымен, құрылыс жұмысы былтырға дейін созылды. 2018 жылы Қытайдың «China Triumph International Engineering» компаниясымен келісімге қол қойылған. Бастапқыда 2019 не 2020 жылдың жаз мезгіліне белгіленген еді. Дегенмен коронавирус індетіне байланысты қытайлық мамандар елімізге келе алмай, жұмыс тағы да кешеуілдеген болатын. Бытыр уақыты озынқырап кеткен құрылысқа Президент те алаңдайтынын білдірген. Сол уақытта «Шыны зауыты құрылысын аяқтауымыз керек. Өндіріс орнының аумағында өз деңгейіндегі өндіріс орны мен бизнес-кәсіптерді дамыту бағытында қолайлы жағдай жасалуы тиіс», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

2 БЕТТЕ

Телевизиялық жүлде Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай соңғы 30 жылда әр салада жетістікке жеткен бірегей тұлғаларға табысталды. Байқау ережесі бойынша сарапшылардан құралған арнайы комиссия іріктеуімен еліміздің ғылым, білім, денсаулық сақтау, ауыл шаруашылығы, мәдениет, спорт, кино, дәстүрлі өнер сияқты 10 салада табысты еңбек етіп келе жатқан кәсіби мамандар таңдалды. Комиссия шешімімен екінші кезеңге өткен үміткерлер «Қазақстан» телерадиокорпорациясының ресми сайтында жүргізілген жалпыхалықтық дауыс беруге қатысты.

2 БЕТТЕ

«Сыр – Алаштың анасы». Сырдың сол жағалауында орналасқан жана қоныстың бүгінде күн санап құлшырып, көз алдымызда өркендеп, өсіп келе жатқаны қуантады. Жыл өткен сайын зәулім ғимараттар, әлеуметтік нысандар, көпқабатты тұрғын үйлер бой көтеріп, халықтың әл-ауқаты арта түсуде.



### ӨЗ ҮЙІМ БАР!

Аймақта атқарылған айшықты істің қатарында тұрғын үй құрылысын атап айтуға болады. Жасыратыны жоқ, соңғы жылдары өңірде тұрғын үй құрылысы жанданып, жыл сайын айтулы күндерде пәтер кілтін табыстау дәстүрге айналды. Мұндай үрдістен биыл да қалыс қалғанымыз жоқ.

Әрбір адамның арманы – баспаналы болу. Бұл бағытта мемлекет тарапынан түрлі бағдарламалар іске қосылып, тұрғындар үшін қолайлы мүмкіндіктер қарастырылуда. Жаңа баспана алдыңғы кезекте тек жастар мен жас отбасыларға берілді. Соңғы жылдары Сыр өңірі құрылыс алаңына айналды. Нәтижесінде жыл сайын түрлі бағдарламалар арқылы жергілікті халық қоныс той тойлауда. Оның ішінде көпбалалы отбасыларға, жалғыз басты аналарға, кезекте тұрған жандар мен апаттық үйде тұратын қарапайым халыққа тұрғын үй алуға мүмкіндік туды.

2 БЕТТЕ



Сыр өңірінің қос бірдей кәсіпорны «Абай-Дәулет» ЖШС мен «Алтын Орда» ЖШС Мемлекет басшысының «Алтын сапа» сыйлығын иеленді. Жеңімпаздар Нұр-Сұлтан қаласында салтанатты жиында марапатталды.

### «АЛТЫН САПА» СЫЙЛЫҒЫ СЫР КӘСІПКЕРЛЕРІНДЕ



2 БЕТТЕ

### ҚҰРМЕТКЕ БӨЛЕНГЕН КҮН

Н.Бекежанов атындағы Қызылорда облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театрында ел тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Жасампаздыққа толы жылдар» атты салтанатты шара өтті.



Мерекелік кешке ҚР Парламенті Сенатының Төрағасы Мәулен Өшімбаев, облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова, Тұңғыш Ғарышкер Тоқтар Әубәкіров, ҚР Парламенті Сенатының депутаты Мұрат Бақтиярұлы, Нұртөре Жүсіп, Ақмарал Әлназарова қатысты.

– Тәуелсіздік алғаннан кейін Арал проблемасына үлкен мән беріле бастады. Елбасының ұсынысы бойынша «Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау» ауқымды жобасы қолға алынды. Осының арқасында Солтүстік Аралдағы су деңгейін көтеріп, көптеген биологиялық түрлерін қалпына келтіруге мүмкіндік туды. Алдағы бес жыл ішінде өңірлерді дамыту бойынша ұлттық жобаны іске асыруға айтарлықтай қаржы бөлінеді. Елдің «ішкі байланысын» күшейту міндеті қойылып отыр. Ішкі көлік желісін дамыту үшін республикалық және жергілікті маңызы бар жолдар салынады және реконструкцияланады. Бұл Қызылорда облысының көлік-логистикалық әлеуетін одан әрі арттыра түсетіні сөзсіз, – деді Сенат төрағасы.

Салтанатты жиында Қызылорда облысының әкімдігі мен облыстық мәслихатының бірлескен шешіміне сәйкес «Қызылорда облысының құрметті азаматы» атағы тапсырылды. Бұл құрмет ғарышкер-ұшқыш, Қазақстан Республикасының Халық Қаһарманы Тоқтар Әубәкіровке, Еңбек ардагері, су шаруашылығына еңбегі сіңген қайраткер Нариман Қышқабасқа, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Мұрат Бақтиярұлына берілді. Сонымен қатар елдің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына атсалысып жүрген бірқатар азаматқа мемлекеттік награда табысталды. Марапат биігінен көрінгендердің қатарында әріптесіміз, облыстық «Қызылордские вести» газетінің бас редакторы Қазыбек Ботаев та бар. Қаламгерге «Ерен еңбегі үшін» медалі табысталды.

Салтанатты шара Сыр өнерпаздарының мерекелік концертінде жалғасты.

А.ҚАДЫРХАНЫЗЫ

### ҚЫЗЫЛОРДАДА ҚАУЫН ПІСТІ


Бұрын қауын дегенді жазда, болмаса күзде жейтін едік. Желтоқсанда қауын пісті дегенді естігеніміз болмаса, көргеніміз аз шығар... Онда да Тәшкеннің айналасындағы өзбек ағайындардың жылыжайға еккен бау-бақшалық өнімі. Ал қазір ше? Қазір Қызылорданың өзінде желтоқсанда қауын егіп, қаңтарда пісті деп сүйіншілеуге болады. Өйткені Сыр елінде де жылыжайға егін егетіндер бар. Мұнымен қоса мектеп ауласына орнатылған жылыжай оқушылар зерттеу жүргізетін тәжірибелік алаңға айналып отыр. Қаламыздағы ауласына жылыжай орнатқан білім ұясының бірі – №15 М.Дүйсенов атындағы мектеп-лицей.

4 БЕТТЕ





# ШЫНЫ ЗАУЫТЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ



Иә, осыған дейін бірнеше облыс әкімінің қолынан өткен бұл жоба биыл ғана ел игілігіне беріліп отыр. Осы тұста, нәтиже нәзік болса да, айтулы жобаны соңына дейін жеткізіп, зауытты іске қосуға облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың еңбегі зор екенін айта кеткен жөн. Себебі осы уақытқа дейін алып зауыттың іске қосылмауы жауапты бас мердігердің жұмыс барысында жіберген кемшіліктері мен жоба серіктестерінің өзара туындаған даулы жағдайларына әкім нүкте қойды десек қателеспейміз.

Еселі еңбек қайтты, нәтиже болды. Ел тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында шыны зауытының күйдіру пеші іске қосылды. Аймақтағы ауқымды жобалардың ашылу салтанатына ҚР Парламенті Сенатының Төрағасы Мәулен Өшімбаев қатысып, зауыт жұмысына сәттілік тіледі.

— Ең алдымен, бұл — Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың ерен еңбегінің жемісі. Осы 30 жылдың ішінде барлық салада көптеген жұмыс істелді. Қай облыста болмасын ауыз толтырып айтарлықтай жеткен жетістігіміз бар. Қызылорда облысының инфрақұрылымы, экономикасы, өндірісі дамыды. Міне, соның нәтижесі ретінде жаңа кәсіпорынның ашылуының куәсі болып отырмыз. Бұл кәсіпорын осыдан бірнеше жыл бұрын қолға алынды. Бірақ әртүрлі себептерге байланысты құрылыс созылып кеткен еді. Дегенмен алға қойған мақсаттың арқасында керемет іс-шараға жиналып отырмыз. Бұл облыстың ғана емес, еліміздің экономикасының



дамуына үлес қосатыны сөзсіз. Және де Орта Азиядағы көшбасшы үлкен өндірістердің бірі болады деп сенеміз, — деді Сенат төрағасы.

Құны 42,01 млрд. теңгені құрайтын жоба 226 адамды жұмыспен қамтиды. Зауыт жылына 197 мың тонна шыны өндіруге қауқарлы. Ал өнімнің 30 проценті шетелдерге экспортқа шығарылақ. Шыны зауыты дайын өнім қоймасы, ішкі теміржол, негізгі цехтар және ішкі инженерлік желілер секілді төрт кешенді қамтиды.

— Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерейтойы қарсаңында жаңа технологияларды пайдаланып, бәсекеге қабілетті өнім шығаратын, еліміздің және өңір экономикасын дамытуға тын серпін беретін жоба шыны өңдеу зауытын іске қостық. Шыны өндіру барысында 90%

жергілікті шикізат пайдаланылады. Шыны бағасының 80%-ін құрайтын негізгі компонент — кальцийленген сода. Сондықтан Аралда салынатын сода зауытының негізгі тұтынушысы осы зауыт болмақ. Зауыт толық қуаттылыққа шыққанда 226 жаңа жұмыс орны, қосалқы өндірістерде 300-ге жуық тұрақты жұмыс орны құрылады, бірінші кезекте жергілікті мамандарға басымдық беріледі, — деді аймақ басшысы Гүлшара Әбдіқалықова.

«Орда Гласс ЛТД» мамандарының айтуынша, бірінші шыны 2022 жылдың сауір айында өндіріледі деп жоспарлануда. Кәсіпорында табақ шыны, энергия үнемдейтін шыны, айна, ламинатталған шыны, күйдірілген шыны тәрізді өнім түрлері өндіріледі деп күтілуде.

— Тәуелсіздік жылдары өңір экономикасына 4 трлн теңгеден астам инвестиция тартылды. Жалпы өңірдегі өнеркәсіп өндірісінің үлесі 1991 жылғы 11 проценттен 30 процентке артқан. «Тәуекелдің ісі — игі» деген жақсы сөз бар. Расында, ел игілігі үшін атқарылған әр істе кедергілер мен қиындықтарға мойымай тәуекелге бара білсек қана жемісін көреміз, жетістікке жетеміз. Бүгінгі шара осының бір дәлелі. Міне, енді шыны зауытын дамыту Сыр елінің әлеуметтік-экономикалық жағдайын көтеруге айтарлықтай серпін беретіні сөзсіз. Облыс халқын көптен күткен зауыт жұмысының басталуымен шын жүректен құттықтаймын! Еліміз тыныш, халқымыз бейбіт, Тәуелсіздігіміз мәңгі болсын! — деді облыс әкімі.

Айта кететін тағы бір жайт, талаптарға сай жоғары сапалы өнім алу үшін пешті үш ай бойы қыздыру керек. Аталған жұмыс бірнеше кезеңнен тұрады. Келер жылдың қантар айынан бастап пешті қыздыру және шыны балқытудың негізгі кезеңі іске асырылақ. Ал ақпаннан наурызға дейін пеш өзінің жұмыс режиміне қосылып, температурасы 1600°C жететін болады.

А.БАЙ

# ӨЗ ҮЙІМ БАР!



Бүгін міне, Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мерекесінде қызылордалық 50 отбасы баспаналы болды. Мерейтой қарсаңында үйлі болған азаматтарды Сыр еліне жұмыс сапарымен келген ҚР Парламенті Сенатының төрағасы Мәулен Өшімбаев құттықтады. Мерейлі сәтте тұрғындарға Сенат спикері Мәулен Өшімбаев пен Қызылорда облысының әкімі Гүлшара Әбдіқалықова баспана кілтін табыстады.

— Тәуелсіздіктің 30 жылдығы — еліміз үшін маңызды меже, айтулы белес. Қазақстан бұл кезеңге ірі жетістіктермен жетіп отыр. Ал ендігі міндет — барымызды бағалап, жеңісті жолымызды жалғау. Біз әрдайым Тәуелсіздігімізді сақтауға, қорғауға және нығайтуға күш салуымыз қажет. Ол үшін татулығымыз берік, бірлігіміз бекем, тірлігіміз тиянақты болуға тиіс. Осы бағытта бәріміз жұмылып, нәтижелі еңбек ете береміз деп сенемін. Бүгін, міне, баспаналы болып, қуанышқа кенеліп жатқан қызылордалықтарды құттықтаймын, — деді ҚР Парламенті Сенатының Төрағасы Мәулен Өшімбаев.

Апаттық тұрғын үйлерде тұрып жатқан азаматтарға арналған жаңа тұрғын үй сол жағалауда орналасқан. Нысанның құрылысына жауапты «Дәнекер» ЖШС мердігер мекемесі. Жаңа пәтерлер «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында салынды. Жаңа баспанаға қол жеткізген көпбалалы аналардың бірі Әліма Алсуева тұрғындар атынан алғыс айтып, ризашылығын білдірді.

Мереке қарсаңында тамаша тартуға не болған ол «Қызылорда Тазалығы» ЖШС аула сыпырушысы болып жұмыс істейді. Күйеуі денсаулығына байланысты жұмыссыз, III топ мүгедегі. Отбасы 2007 жылдан бастап Жетікөл көшесі, №11 үй №2 пәтерде тұрады. Аталған тұрғын үй 2020 жылы апаттық жағдайда деп танылған. «Жалғыз тұрғын үйі Қазақстан Республикасының заңнамасына байланысты тәртіппен авариялық жағдайда» деп танылған азаматтар санаты бойынша 2020 жылғы 10 наурызда тұрғын үй алу кезегіне тіркелген.

Мерекешіне қатынаса, бұл — біз үшін үлкен қуаныш болды. Мұқтажлығымызға түсіністікпен қарап, көмек қолын созған жергілікті атқарушы билікке айтар алғысымыз шексіз, — деп ағынан жарылды ол.

Мерекелік шарада ҚР Парламенті Сенатының төрағасы Мәулен Өшімбаев үй иесіне естелік сыйлық ретінде теледидар табыстады. Расында, өз үйің, өз қонысың болғанға не жетсін. Қазіргі таңда баспаналы болу — көпшіліктің басты арманы. Дегенмен тұрғындарды сол арманға жеткізу үшін облыс орталығында ауқымды шаралар жүзеге асуда. Тұрғын үй кезегінде тұрған жандар бүгінде аз уақытта жаңа қонысқа қол жеткізуде.

Қашианда баспана — қиын мәселе. Басында баспанасы жоқ, пәтер жалдайтын жандардың ішкі сезімін ешкім сезіне алмас. Соңғы жылдары бұл күрделі мәселе кезең-кезеңімен шешімін тауып келеді. Бүгінгі көрініс соның айқын дәлелі.

Басы 1-бетте

Ақмарал ОЛЖАБАЙ

Басы 1-бетте

# ЕЛ ТАҢДАҒАН 30 ЕСІМ

Байқау қорытындысымен 10 аталымда үздік шыққандар марапатталды.

«Медицина және денсаулық сақтау саласына қосқан үлесі үшін» - медицина ғылымдарының докторы, академик Серік Ақшолоқов, елімізде тұңғыш рет қан айналымының қосалқы құрылғыларын имплантациялау, донорлық жүректі және өкпені трансплантациялау сияқты бір-қатар күрделі оталарды сәтті жүзеге асырған халықаралық дәрежедегі кардиохирург Юрий Пя, жоғары санатты дәрігер, «Алтын дәрігер» тәсілдерінің иегері Надежда Петухова; «Қоғамдық белсенділігі үшін» аталымы бойынша тіл жанаушы Асылы Осман, еліміздегі ең танымал lider.kz еріктілер қозғалысының негізін салушы Олеся Баимова, адвокат, «Халық үні» жобасының авторы Айман Омарова;

«Мәдениет саласына сіңірген еңбегі үшін» әнші Димаш Құдайбергелі, күйші Секен Тұрысбеков, суретші Ерболат Төлепбай;

«Кино саласына сіңірген еңбегі үшін» театр және кино актері Болат Әбділманов, актер, Қазақстанның Халық әртісі Асанәлі Әшімов, театр және кино сахнасында 200-ден аса рөл сомдаған актер Досхан Жолжақсынов;

«Спорт саласындағы жетістіктері үшін» грек-рим күресінен Сеул Олимпиадасының күміс жүлдегері, Әлем чемпионы, Қазақстанның еңбек сіңірген

жаттықтырушысы Дәулет Тұрлыханов, кәсіпқой боксшы, Бейжің Олимпиадасының, Азия ойындарының қола жүлдегері Канат Ислам, ауыр салмақта



әлемдік рекордты жаңартқан зілтемірші, төрт дүркін Әлем чемпионы Илья Ильин;

«Ғылымның дамуына қосқан үлесі үшін» аталымы бойынша математик, ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі Асқар Жұмаділдаев, «QazVac» вакцинасын жасаушы ғалым Күнсулу Захарья, «Аралтөбе», «Берел» қорымдарынан «Алтын адамды» тапқан археолог Зейнолла Самашев;

«Білім саласының дамуына қосқан үлесі үшін» дарынды балаларға арналған «Білім-Инновация» мектебінің мұғалімі Муаммер Гүль, Нұр-Сұлтан қаласы

Қайым Мұхамедханов атындағы 90-гимназия директоры Аятжан Ахметжанұлы, Қазақстанның тұңғыш Еңбек ері, математика пәнінің мұғалімі Аягул Мирзаова;

«Ауыл шаруашылығы және агроөндіріс саласына қосқан үлесі үшін» аталымында асыл тұқымды қой өсіруші жас кәсіпкер Нұрислам Ыбраев, Еңбек ері, «Родина» агрофирмасының негізін қалаушы Иван Сауэр, еліміздегі түйе шаруашылығының дамуына атсалысып жүрген кәсіпкер, консервантсыз шұбат өндіруші компанияның иегері Сыдық Дәулетов;

«Дәстүрлі өнердің дамуына қосқан үлесі үшін» күйші Айгүл Үлкенбаева, әнші Рамазан



Стамғазиев, жыршы Елмұра Жаңабегенова; «Әдебиет» аталымы бойынша жазушы-драматург Дулат Исабеков, ақын Светқали Нұржан, ақын Ұлықбек Есдәулет марапатталды.

«Ақмешіт-ақпарат»

# «АЛТЫН САПА» СЫЙЛЫҒЫ СЫР КӘСІПКЕРЛЕРІНДЕ

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Алтын сапа» және «Парыз» сыйлықтарының иегерлерін марапаттау рәсімінде бейнебаиланыс арқылы сөз сөйлеп, ізгі лебізін жеткізді. — Дәстүрлі «Алтын сапа» байқауы 15 жылдан бері тұрақты ұйымдастырылып келеді. Еліміз бойынша 150-ден астам кәсіпорын марапат төрінен көрінді. Биылғы салтанатты жиын ел тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойымен тұспа-тұс келіп отыр. Мұның маңызы жоғары. Елімізде бизнестің дамуына барынша жағдай жасалған. Бұл — тәуелсіздіктің жемісі. Нәтижесінде жаңа заманға сай бейімделген кәсіпкерлер шоғыры қалыптасты. Ол ұлттық экономиканың басты қозғаушы күшіне айналуда. Он жылдың ішінде өңдеу өнеркәсібінің экономикадағы үлесі тау-кен саласының көрсеткішінен асып, 13 процентке жетті. Отандық өнеркәсіп пен медицина ғылымын цифрландыру ісінде ауыз толтырып айтарлықтай жетістік бар. Өнеркәсіп саласында білікті мамандар жетіспейді. Бұл — индустрияландыру үдерісін тежейтін факторлардың бірі. «Алтын сапа» конкурсының талаптарын сапаны басқарудың еуропалық қорының (EFQM) жаңа моделіне біртіндеп сәйкестендіру керек. 2025 жылға қарай 500-ге жуық индустриялық жобаны іске қосу жоспарланып отыр. Үкімет аталған өндіріс орындарында жұмыс істейтін

білікті кадрларды осы бастан дайындауы керек. Жас мамандарды қолдау әркез маңызды. Мемлекет тарапынан тиісті субсидиялар қарастырылғанымен әлі де жеткіліксіз. Үкімет «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесе отырып, жұмыспен қамтуды және қызметкерлердің біліктілігін арттыруды ынталандыруға бағытталған қосымша шараларды пысықтауы қажет, — деп атап өтті мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев.



Сонымен отандық кәсіпкерлер арасында өткізілген конкурс нәтижесінде «Алтын сапа» жүлдесінің «Азық-түлік және ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіретін үздік кәсіпорын» номинациясы бойынша «Абай Даулет» ЖШС иеленді. Ал «Алтын сапа» жүлдесінің «Халыққа тауар шығаратын үздік кәсіпорын» номинациясына «Алтын орда» серіктестігі қол жеткізді. «Парыз» жүлдесінің «Еңбекті қорғау саласындағы

ең үздік кәсіпорын» номинациясы бойынша ірі кәсіпкерлік нысандар арасында қызылордалық «Кар Technology» компаниясы «Парыз» сыйлығының күміс мүсімімен марапатталды.

«Алтын сапа» сыйлығы өнімдер немесе қызмет көрсету сапасы саласындағы жақсы нәтижеге қол жеткізгені, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, сондай-ақ, мекемелерге заманауи менеджмент жүйесін енгізгені үшін конкурстық негізде берілді.

«Парыз» конкурсының мақсаты — өз жұмысшылары мен қоғам үшін әлеуметтік мәселелерді шешетін жеке-меншік кәсіпкерлік субъектілерін ынталандыру.

— Бұл — барша сырбойылықтардың жеңісі. Тәуелсіздік күні қарсаңындағы айтулы жеңісімізге еңбек ұжымымыздың тынымсыз тірлігінің арқасында қол жеткіздік. Алдағы уақытта өз өнімдерімізді «Алтын сапа» атауымен шығаруды көздеп отырмыз. Және сол үдеден жоғары жетістікке жетіп, ел игілігі жолында қызмет ете береміз. Сыр өңірі ауылшаруашылық өнімдеріне қолайлы аймақ саналады. Сондықтан жоғары сұранысқа өнім әзірлеуде бар күш-жігерімізді жұмсап, сенім үдесіне көрінуге күш саламыз, — дейді «Абай-Даулет» ЖШС директоры Мұрат Сәрсенбаев.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

Басы 1-бетте



# ТӘУЕЛСІЗДІК ТОЛҒАУЫ: ҮШІНШІ ОН ЖЫЛДЫҚ



Еліміз тәуелсіздігін жариялап, өз тағдырын қолға алғанына биыл 30 жыл толды. Осы уақыт ішінде қазақ елін төрткүл дүние таныды. Алпауыт мемлекеттер мойындады.

Еліміз тәуелсіздік ала салып, бірден дамыған елдердің қатарына қосыла қоймағаны белгілі. Ол үшін біраз уақыт керек еді. Әлем жұртшылығына беймәлім елдің келешегі бұлыңғырлау көрінгені де жасырын емес. Кезінде бұл туралы талай саясаткер өз пікірлерін ашық білдірген. Алайда халқымыз алдан шыққан қиындықтарға мойыған жоқ. Бұл жайында Елбасы: «Тәуелсіздік алған кезде бұрынғы Кеңес Одағының соңында қалған республика едік. Экономика әлсіз, өндірістер мен зауыттар әбден ескіріп қалған. Ол уақытта мұғалімдер мен дәрігерлерге жалақы, зейнеткерлерге зейнетақы тауып берудің өзі қиын болатын. Еліміздің өзі түгілі аты да әлем елдерінің көпшілігіне бейтаныс еді. Алайда біз еш уақытта мойыған емеспіз», – деген еді.

Міне, бүгінде біз қиын кезеңдерді артта қалдырып, дамудың даңғыл жолына түстік. 30 жыл жүргізілген сарабал саясаттың арқасында экономикамыз жыл санап дамып, халықтың әлауқаты артып келеді. Мұнда бірінші он жылдық еліміздің аяққа тұрып, етек-жеңін жинаған маңызды кезең болды. Ал екінші он жылдық қаншама елмен байланыс орнатып, ішкі және сыртқы саясатта маңызды шешімдер қабылданған, әлемдік аренада өз орнын нығайтқан тұр. Ал үшінші он жылдық Қазақстанның нағыз даму кезеңі болды десек қате айтпаймыз.

Газетіміздің алдынгы сандарында бірінші және екінші он жылдық туралы тарқатып жазылды. Бүгін біз үшінші он жылдыққа тоқталмақпыз. Сонымен үшінші он жылдық, 2012-2021 жылдар аралығында Қазақстан тәуелсіздіктің арқасында қандай жетістіктерге жетті? Әр жылға жеке-жеке тоқталып, саралап көрейік...

Еліміз үшін 2012 жыл айтулы оқиғаларға толы болды. Олардың ішінде ең маңыздысы – «Қазақстан – 2050» Стратегиясы еді. Тәуелсіздік күні Елбасы өзінің «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауын жариялады.

– 2012 жылдың қорытындысы бойынша ішкі жалпы өнімнің көлемі жағынан біз әлемнің 50 ірі экономикасының қатарына кіреміз. Осыдан алты жыл бұрын мен алдымызға әлемнің бәсекеге қабілетті 50 елінің қатарына кіру жөнінде жалпыұлттық міндетін қойдым. Қазақстан Дүниежүзілік экономикалық форумның рейтингінде 51-орынды иеленді. Енді Қазақстан 2050 жылға қарай әлемнің ең дамыған отыз елінің қатарында болуға керек – деді Жолдауда Қазақстанның Тұңғыш Президенті.

Бұл жолдау тек экономиканың ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік саланың да өркендеуіне бағытталды. Халықты жұмыспен қамту, қолжетімді баспа, өңірлерді дамыту, мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасын көтеру, басқарушылардың біліктілігі, сот және құқық қорғау жүйесі, адам капиталы, зейнет жүйесі, индустриалды жобалар, ауыл шаруашылығын дамытуға ерекше ден қойылды. Осы жылы Қазақстан алып құрылыс алаңына айналып,

қатысты. Қазақстан жалпыкомандалық есепте 26-орынға табан тіреді.

2015 жылы да айрықша есте қалған оқиғалар көп болды. Бұл жылы Қазақ хандығының 550 жылдық мерейтойымен есте қалды. Айтулы мерейтойға арналған іс-шаралар еліміздің түкпір-түкпірінде жыл бойы үзбей ұйымдастырылды. Тараз қаласында Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған монумент ашылды. 27 шілдеде Қазақстан Республикасы Дүниежүзілік сауда ұйымының мүшесі атанды. 2 қыркүйек күні үшінші қазақ ғарышкері – Айдын Айтмбетов ғарышқа ұшты. Ал 27 қыркүйек күні АҚШ-тың Нью-Йорк қаласында өткен БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының мерейтойлық 70-сессиясында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің 22 минуттан астам уақытқа созылған баяндамасын қазақ тілінде оқыды. Сөйтіп, ресми алты тілге ғана «есігі ашық» БҰҰ мінберінен барша әлем алғаш рет қазақ тіліне құлақ тосты.

2016 жыл – ел Тәуелсіздігінің ширек ғасырлық мерейтойы атап өткен жыл. Елбасы Жарлығымен 1 наурыз – Алғыс айту күні деп жарияланып, бұл мереке елімізде тұңғыш рет атап өтілді.

Тамыз айында Бразилияның Рио-де-Жанейро қаласында өткен XXXI Жазғы Олимпиада ойындарында боксшы Данияр Елеусінов, жүзгіш Дмитрий Баладин және ауыр атлет Нияз Рахимов жүзден жүйрік шығып, Олимпиада чемпионы атанды. Сондай-ақ ел тарихында



Парижде ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесі Астана қаласында өтетіндігі жөнінде шешім қабылданды. Бұл да Қазақстанның әлем елдері ішінде өзінің салмағы бар екенін көрсетті.

2013 жылда да айтулы сәттер аз емес. Бұл жыл Тұңғыш Президент жариялаған «2050 Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдау бойынша жұмыстардың қолға алынуымен ерекшеленді. Осы тұста Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен «Қазақстан-2050» стратегиясы: бір халық – бір ел – бір тағдыр» тақырыбында Қазақстан халқы Ассамблеясының XX мерейтойлық сессиясы өтті. Сонымен қатар осы жылы Қазақстан тарихында тұңғыш рет жергілікті билік органдары башыларының сайлауы өтті. Бұл жыл осылайша ел ішінде жаңа өзгерістер орын алып, даму жолында тың өзгерістер енгізілген кезең ретінде есте қалды.

Ал 2014 жылы Астанада Қазақстан, Ресей және Беларусь мемлекеттерінің басшылары Еуропалық экономикалық одақ құру туралы шартқа қол қойды. Тамыз айында Үкіметте қайта құру жұмыстары өтті. 17 министрлік пен 9 агенттіктің орнына елде 12 министрлік және шамамен 30 комитет құрылды. Осы тұста энергетика, мәдениет және спорт, инвестициялар және даму, ұлттық экономика министрліктері құрылды. Мұның барлығы ел дамуы жолындағы маңызды шешімдер еді.

Осы жылдағы елеулі сәттік бірі – Ресейдің Сочи қаласында XXII Қысқы Олимпиада ойындары. Елеулі сәт деу себебіміз, Олимпиадала қазақстандық мәнгерлеп сырғанаушы Денис Тен қола медальға ие болды. Ал бұл – осы спорт түрінен Қазақстанның Олимпиададағы тұңғыш жүлдесі еді. Жалпы Сочи Олимпиадасына 88 ел

тұңғыш рет қазақ қыздары Олимпиада жүлдесін жеңіп алды. Бұл дода да ауыр атлетші Жазира Жаппарқұл, балуан Элмира Сыздықова және боксшы Дариға Шәкімова қазақтың даңқын асқақтатты. Жарыс қорытындысында қазақстандық спортшылар 3 алтын, 5 күміс және 9 қола, барлығы 17 жүлде иемденді.

2017 жыл да ел тарихындағы айтулы кезең. Жылдың басты жаңалығы – елімізде ЭКСПО



Ақтілек БҒІМБАЙ

## 30 АДАМ ТЕГІН ТЕКСЕРІЛДІ

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай облыс орталығындағы «Табиғи денсаулық» клиникасы Қызылорда қалалық мүгедектер қоғамымен бірлесіп, мүмкіндігі шектеулі 30 адамды тегін диагностикалық тексеруден өткізді.

Адам ағзасын толық тексерістен өткізетін құрылғы 3 сағаттың ішінде сараптама қорытындысын шығарып бере алады. Ми тамыры, ас қорыту жүйесі, қан тамырындағы өзгерістерді анықтайтын заманауи құралдың мүмкіндігі орасан. Мамандардың айтуынша, тексеру тез әрі ешқандай ауырсынусыз жүреді.

«Табиғи денсаулық» клиникасы 2019 жылы ашылған. Бас дәрігер Ләззат Қадырбаеваның айтуынша, орталықта екі диагностикалық аппарат бар. Бір адамды тексеруге 40-45 минут жұмсалды. Диагностикалық тексеруден кейін

әрі қарай талқылау, ұсыныс беру, ем жасау, соның барлығына 1,5-2 сағат уақыт кетеді.

Ресейдің медициналық-әлеуметтік реабилитация академиясынан дәріс алған білікті мамандар бір ғана құрылғымен адам ағзасын тексере алады.

– Тағдыр тәлкегіне түскен жарымжан жандарды қоғамға бейімдеп, олардың еңсесін тіктеп, өзгелер секілді өмір сүрулеріне қолайлы жағдай жасау – бүгінгі қоғамның басты талабы. Тәуелсіздіктің 30 жылдығы мерекесінің қарсаңында 30 игі іс-шараға өз үлесімізді қосып,



«Ақмешіт-ақпарат»

Қ.Мұхамеджанов атындағы №1 мектеп гимназиясында «Жарқын болашаққа Елбасымен бірге» атты ашық тәрбие сағаты өтті.

## ЖАС ҰРПАҚҚА ӨНЕГЕ

Шарада кітап көрмесі де қойылды. Бастауыш сынып оқушыларына арналған мазмұнды шараны 3 в сынып жетекшісі Ж.Айбосынова мен мектеп кітапханашысы А.Ноғайбаева ұйымдастырды. Жас ұрпаққа Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың өнегелі өмір жолын үлгі етуді мақсат еткен тәрбие сағатында тәуелсіз қазақ елінің Тұңғыш Президентінің өмірі мен еңбек жолы баяндалды. Бастауыш сынып оқушылары Елбасының өмір жолы, тәуелсіз елдің жеткен жетістіктері туралы өз ойларын айтты. Сонымен қатар «Менің елім Қазақстан» тақырыбында өткен сайыста ел болашағын сырлы бояумен ақ қағазға бейнелді.

Ақалтын НОҒАЙБАЕВА,  
Қ.Мұхамеджанов атындағы №1 мектеп-гимназия кітапханашысы



Сәрсенбінің сәтінде білім ұясындағы жылыжайда қауын пісті дегенді естіп, №15 мектеп-лицейге бардық. Бізді білім ошағының басшысы Тілеуова Кабира Әнуарқызы күтіп алды. Аmandық-саулық сұрасқан соң келген мақсатымызды айттық. Директор білім беру ұйымының ауласындағы жылыжайға қарай жол бастап, оқушылар еккен қауын желтоқсанда піскенін айтты.

– Біз жылыжайды «Ізденіс жасыл академиясы» деп атадық. Негізі 2017 жылы БҰҰ «Даму» бағдарламасы аясында иеленген гранттың нәтижесінде салынған жылыжай. Грант құны 2,5 млн болса, көлемі 200 шаршы метрді құрайды. Мұнда асқөк, қияр, зімбір, жалбыз, пияз, қауын, қарбыз егілген. Бәрі оқушылардың жобасы, – деді мектеп-лицей директоры.

Жылыжайға келгенде зерттеу жұмысын жүргізіп жатқан оқушыларды көрдік. Қастарында Күміскүл Серекеевадай жетекші ұстаздары бар екен. Жылыжай іші жып-жылы. Есігін ашқаннан бөлек әлемге енгендей әсер аласың. Сөзбен айтсаң таусылмас, кірсен



өнімділігі 30 процентке артқан. Аружан топырақты құнарландырумен айналысты деді қой. Ол көдімгі жауынкүрттың көмегіне жүгінген. Мұны ғылыми түрде редуцентр

олар 40 күндік сары қауын еккен. Кәдімгі сары қауын. Тек көлемі әдеттегі қауыннан кіші екен. Исі бүркырап, бұл жылыжайда қауын бар деп хабар беріп тұрғандай әсер қалдырады. Біз шәкірттерін еңбекке баулыған, ғылымға дағдыландырған ұстаздарға ризашылығымызды білдіріп, редакцияға қарай жол тарттық.

ӘЖУМАДІЛДӘУЛЫ,  
Суретті түсірген Н.НУРЖАУБАЙ



## ҚЫЗЫЛОРДАДА ҚАУЫН ПІСТІ

шыққысыз жасыл бақ. Ортасына кісі жүруге арналған жол қалдырған. Оны жағалай барқыт гүлімен көмкерген. Қос қапталына қияр еккен. Сәл әріректе қауын-қарбыз өсірілген. Жалбыз да, пияз да, асқөк те бар.

– Мынаның бәрін оқушылардың өздері екті. Ешбір химиялық қоспа қосылмаған, таза табиғи өнім. Түрлі тәжірибе жүргізген балаларымыз қайтсе топырақты құнарландырып, өнімді қалай арттыруға болатынын зерттеді, – деді Күміскүл Дүйсенқызы.

Біз жылыжайда зерттеумен айналысып жатқан оқушыларды да сөзге тарттық. Аружан Бөрібай есімді оқушы редуцентр бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізгенін айтса, Айша Қуаныш атты оқушы қиярдан қалай мол өнім алудың жолын іздегенін жеткізді. Олардың жобалық жұмыстары да нәтижесіз емес. Мәселен, Айша қияр өсіру үшін алғашқыда құс саңырағын пайдаланған. Өнімділік 25 процентке артыпты. Ол бұл жетістікпен тоқтап қалмаған. Мұнан соң цеолитті қолданыпты. Цеолит – Манғыстау аймағында табиғатта түзілетін зат. Бұл да табиғи зат. Цеолиттің көмегімен қиярдың

деп атайды. Ол өлі органикалық заттарды ыдыратып, органикалық емес заттарға айналдырады.

Мектептегі жылыжайда, міне, осындай іс атқарылуда. Мұғалімдер де, оқушылар да ерекше ықыласпен зерттеу жүргізуде. Қазірдің өзінде қияр мен қауын пісіп тұр. Күміскүл Дүйсенқызының айтуынша,



Басы 1-бетте

### ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ

Ауылда Гүлмайрам деген апай бар еді. Жасынан кемпірдің қызы болып өскен. Әке-шешесін мойындамайды. Күндердің күнінде кемпір қайтыс болды. Бірде себебін тауып шешесі ұрсыпты. Сөйтсе үйдің артына кетіп қалып: «Күдай-ау, бар екенің рас болса, мынаның да қыздары мен құсап жетім қалсын» – деп жылап жүр дейді. Сол оқиға ойыма орала береді. Бүгін түйсікті тағы толғаған соң, осы дәстүр туралы жазайыншы дедім. Қазақ баланы ата мен әженің қолына беру дәстүрі ертеден бастау алғаны белгілі. Бірақ оның өзіндік себептері болған. Сонау жаугершілік заманда баланы ата-әжесіне қауіпсіздік үшін берген. Сол дағды бүгінге дейін жалғасын тауып келе жатыр. Алайда мұның пайдасы кімге, зияны кімге?

Бұл жайында қоғамның пікірі екіге жарылды. Естіген пікірлерімді өз ойыммен қорытып, ешкімнің атын атап, түсіні түсетей жалпылама беруді жөн көрдім. Сонымен бірі бұл дәстүр дұрыс дегенді алға тартады.

## АТА ТӘЛІМІН АЛҒАН ӘКЕ ТӘРБИЕСІН КӨРГЕННЕН АРТЫҚ ПА?



Себебі өмір көрген тәжірибесі мол кісілер қауыртырлікпен басы қатып жүрген әкешіне қарағанда балаға жақсы тәрбие береді. Ата мен әженің қолында өсу – ханның баласындай күн кешу

дегенмен шамалас. Ешкім маңдайынан шертпейді, ақ дегенің алғыс, қара дегенің қарғыс болады. Бұл баланың ес біліп, етек-жеңін жинаған тұста ойын еркін айтып, ортасында сыйлы,

жақсы адам болып өсуіне ықпалын тигізеді екен. Оның үстіне ата-әженің баласына бере алмаған мейірімін, бар ынғасын сол немереге беретіні де рас. Оған қартайған шақтағы көңілшектікті қосыңыз. Көз қуанышына айналған немерені туған баласы мен келінінен қызғануды да осыдан.

Ал бірі бала әбден толысып, өсіп-жетілгенге дейін ата-ананың қолында болғанын жөн көреді. Бұған да салмақты себеп бар. Балада жеті жасына дейін айналасын танып, жан-жағындағы адамдар жайлы ой қалыптасады. Міне, осы кезеңде ата-ананың қолында өссе, әрқайсысының қадірін жете түсініп, отбасындағы адамдардың рөлін бағамдайтын болады. Сонда әке-шешесін атымен атап, не оларға дөрекі сөйлеу болмайды дейді кейбір пікірлер.

Шынында қазіргі қоғамда баланы ата-анасы олай, ата-әжесі былай тарту бір әдетке айналған. Сөйтпін жүріп, баланың махаббатына балта шауып алғанын өздері де байқамай қалады-ау шамасы. Ата-анасына барайын десе, үлкеннің көңілін қимайды. Басқа шара қылайын десе, ол да тиімсіз. Біз білетін кейбір отбасында жағдай осылай. Мұндай таңдаудың ортасында қалған бала депрессияға ұшырайтынын психологтар айтып та, жазып та жүр. Осыны естен шығармағаны жөн-ау деп ойлайсың кейде.

Бағызда бір апа: – Балаларымызды атам мен енеме беріп едік. Ұл-қызамыз есейген шақта сөзімізді құлағына ілмейтін болды. Содан кейін немерелерімді әкесі мен шешесінен ажыратпауды жөн көрдім, – деген еді. Кім қалай істеймін десе де өз еркінде. Алайда болашақта балаға да, басқаға да зияны тимес үшін осы бір түйткілі мәселенің байыбына барып, болар-болмас кәдімкі ақылдан жөн секілді.

КАҚТАН

### СПОРТ

Ел тәуелсіздігінің мерекесі қарсаңында облыс орталығында жаңа спорт кешені ашылды. Спорт кешенінің ашу шарасына ҚР Парламенті Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев, облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова қатысты.

## 800 баланың қуанышы



«Naman ata» жаңа спорт кешенінің лента-сын аймақ басшысымен бірге ауыр атлетикадан төрт дүркін әлем чемпионы Илья Ильин қиды. Әрі қарай спорттық нысанды салуға қолдау білдірген «Абай-Дәулет» ЖШС басшысы Мұрат Сәрсенбаев делегаттарға нысанның және «Sug Dat» спорт-кафесінің жұмысымен таныстырып, алдағы уақытта кешен аумағынан салынатын жобалар туралы баяндады.

Нысан құрылысы 2020-2023 жылдарға жоспарланған. Оның алғашқысы «Мерей» мен «Ақмешіт» шағын аудандарындағы спортпен айналысуға ниетті балалар мен жасөспірімдерге арналған. 2023 жылдың соңына дейін бассейні мен жатакана құрылысы пайдалануға беріледі.

Ал жаңадан ашылған спорт кешенінде 19 азамат жұмысқа орналасқан. Мұнда 800 жасөспірімді 8 жаттықтырушы спорттың 10 түрі бойынша дайындайды. Оның ішінде қазақ күресі, дзюдо, самбо, таеквондо, бокс, грек-рим күресі, каратэ, грэпплинг, панкратион, муай-тай түрлері бойынша секциялар бар.

– Биыл біз ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мерейтойы қарсаңында тұрмыз. Аталған уақыт аралығында барлық салада үлкен табыстарға

қол жеткізді. Мұндай жарқын көріністер спорт саласында да байқалды. Ұлт Көшбасшысы, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев барша қазақстандықтарды салауатты өмір салтын ұстануға шақырды. Кәсіби деңгейде спорттың дамуына айрықша көңіл бөлінді. Біздің спортшылар халықаралық, әлемдік деңгейде үздіктер сапынан табылды. Олардың қатарында Сыр өңірінің талантты өрендері бар. Атап айтқанда, ауыр атлетикадан төрт дүркін Әлем чемпионы Илья Ильин, мәнерлеп сырғанаушы Элизабет Тұрсынбаева еліміздің мақтаншы тұтатын саңлақтарына айналды, – деді Мәулен Әшімбаев.

Спорт кешенінің құрылтайшысы Мұрат Сәрсенбаевтың айтуынша, Тәуелсіздік жылдарында елімізде спорттық инфрақұрылым нысандарының саны үш есеге, ал дене шынықтыру және спортпен тұрақты шұғылданушылар алты есеге артқан. Облыста биыл 2200-ге жуық баланы спортпен дамуына жағдай жасау үшін мемлекеттік тапсырыс негізінде 212 млн теңге бөлінген болатын. Енді келер жылы 4300-ден аса баланың спортпен шұғылдануы үшін қажетті жағдай жасауға қаржы көлемі 638 млн теңгеге ұлғайтылмақ.

Жақында облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысының міндетін атқарушы Жағыпар Тажмаханов басқармаға қарасты Жалаңтос Баһадүр Сейтқұлұлы атындағы олимпиадалық резервтің облыстық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжінің оқушы-спортшыларына Тәуелсіздік тақырыбында дәріс оқып, мерекемен құттықтады.



## Келелі кездесу

Кездесу барысында Тәуелсіздік жылдарындағы елдегі өзгерістер, жаңашылдықтар, спорт әлемінде еліміздің, оның ішінде облысымыздың жетістіктері жайында сөз қозғалды.

– Тәуелсіз елде туған сіздер бақыттысыздар, сіздерге бүгінгі таңда ел үшін де, жер үшін де күресіп қажеті жоқ, сіздердің басты міндеттеріңіз осы ашық аспан астында өмір сүріп, өз білімдеріңізді жетілдіру, біліктіліктіңізді шыңдау ғана. Алдымен білім, тәрбие сосын спорттағы жетістік. Осы үшеуі түгел болғанда ғана сіздер өз елдеріңізге пайда тигізіп қана қоймай, әлемге өздеріңізді мойындатасыздар. Жалпы Тәуелсіздік дәуірінде өмірге келген балалар өздерінің ынғасымен, ізденімпаздығымен, заманауи білімді тез игеріп ақету қасиетімен

ерекшеленеді. Болашағымыз еңбеккер, жеңіске құмар жас-жеткіншектердің қолында екенін ескерсек, ертенгі күніміз жарқын болмақ, – деді Ж.Тажмаханов.

Кездесу барысында білікті жаттықтырушылар мен жетістікке жетіп, жоғары нәтиже көрсетіп жүрген бірқатар спортшыларға спорттық атақ пен алғыс хаттар табысталды. Оның ішінде жақында ғана Ливан елінің Бейрут қаласында дзюдодан өткен Азия чемпионатынан қос күміс иеленген Құлмыз Жылқыбай мен Ақбар Алтай да бар. Шара соңында Жағыпар Айтбайұлы оқытушы-жаттықтырушылардың тапсырма құрамына тәрбиелеудегі ролі зор екенін айта келіп, колледж кітапханасына «Қазақ банкерлері» атты туындыны сыйға тартты.

Жуырда ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай баскетболдан Қызылорда қаласы әкімінің кубогіне арналған ашық біріншіліктің марапаттау шарасы өтті.



## БАСКЕТБОЛДАН АШЫҚ БІРІНШІЛІК ӨТТІ

Жасөспірімдер арасында өткен біріншілікке Қызылорда қаласы мен аудандардан және Ақтөбе облысынан 240-қа жуық спортшы, 24 команда қатысты. Екі күнге созылған баскетбол бәсекесінде жеңіске жеткен командаларды Сыр елінің мақтаншы Илья Ильин құттықтап, алдағы додаларда сәттілік тіледі. Марапаттау рәсімінде қала әкімінің орынбасары Бектас Нұридинов те командаларды жеңісімен құттықтап, лебізін білдірді.

– Бүгінде спорт – кез келген елдің халықаралық дәрежедегі имиджін қалыптастыратын саланың бірі. Әлемдік жарыстарда жеңіске жеткен

елдің әнұраны орындалып, туы көкке көтерілуі де спорттың маңыздылығын айқындай түседі. Бүгінгі жарыстың барлық жеңімпаздары мен жүлдегерлерін жарқын жеңістерімен құттықтаймын, – деді қала әкімінің орынбасары Бектас Балғабайұлы.

Жеңімпаз командаларға Қызылорда қаласы әкімінің кубогі мен медальдар мен дипломдар табыстылып, үздік ойыншылар номинациялармен, бағалы сыйлықтармен марапатталды.

КАҚТАН

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор  
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор  
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:  
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)  
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)  
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)  
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)  
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-1.  
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ, 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.  
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.  
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтініді, деректер мен мәліметтердің нақтылығын автордың, шабарландыру несінің жауапты екендігі ескертіледі.  
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр мөлді» ЖШС баспаханасында басылады. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.  
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4424 Тапсырыс №1803  
Нөмірдің кезекші редакторы Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ